КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 қараша №2301-23-00-2/2618 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ренат» Ихсанов Ренат Қамбарұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері Жаңбырбай А.Ж.
Усенова А.Б.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 24 шілдедегі мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде, 25 шілдеде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №92 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге/талап қоюшыға азық картонды контейнерін жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 7440 теңге, орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн болып белгіленген, демек тауарды жеткізу күні – 09 тамызды қоса алғандағы мерзім.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары жауапкермен тиісінше орындалмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы өкілдері А.Ж.Жаңбырбай, А.Б.Усенова сот отырысында талапты қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптар арасында жасалған шартқа сәйкес, жауапкер тауарды ағымдағы жылдың 09 тамызына дейін жеткізуге тиіс болған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері бүгінгі күнге дейін тиісінше орындалмаған, шарт 02 қарашада бұзылған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196,117,223-226 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Балмуханова А. Р., 05.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалының жеке кәсіпкер «Ренат» Ихсанов Ренат Қамбарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ренат» Ихсанов Ренат Қамбарұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ренат» Ихсанов Ренат Қамбарұлынан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2024, судья Балмуханова А. Р., 05.01.2024

2301-23-3-1/3052